

«Бекітемін»:



«Манашы» бөбекжайы» ЖБҚ МКҚК

Директоры К.Корпелиева

«1» 09 2023 ж

Мектеп дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс
әрекеттің бейнелеуден перспективалық жоспары

(ортаңғы топ)

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттері
Қыркүйек	Бейнелеу	Бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту; Бейнелеу процесі мен нәтижесіне эмоционалды жағымды қарым қатынас орнату; Бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру;
Қазан		Қарапайым заттарды, құбылыстарды, пішіндерді, түстерді, бөліктердің орналасуын бере отырып, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру, көз бен қолдың үйлесімін дамыту; Сурет салу Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар) дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу, бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.
Қараша		Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін қолдану. Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Желтоқсан		Күтілетін нәтижелер: Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; Сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі. Негізгі түстерді дұрыс айтады; Қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; Сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды;
Қаңтар	Бейнелеу	Балалардың қалауы бойынша материалдарды, бейнелеу техникасын таңдауға мүмкіндік беру;

Ақпан		Қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру; Өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу; Бейнелеу әрекеі барысында қауіпсіздікті сақтауға және еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа баулу; Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
Наурыз		Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін қолдану.
Сәуір		Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. Сурет салуда қауіпсіздікті сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
Мамыр		Күтілетін нәтижелер: Сурет салу техникасының бастапқы дағдыларына ие; Сызықтарды, штрихтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі. Негізгі түстерді дұрыс айтады; Қарапайым сюжеттік композицияларды құрайды; Тұтас қағаз бетіне бейнені орналастыра алады; Пішіндерді бояудың бастапқы дағдыларын игерген; Сурет салудың дәстүрден тыс техникасына қызығушылық танытады; Сурет салуда ұқыптылық танытады, қауіпсіздікті сақтайды.